

Хаттама №3

Дайын тамақтың сапасын бақылайтын комиссия мүшелерінің отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп»КММ-сі

23.10.2025ж.

Дайын тамақтың сапасын бақылайтын комиссия мүшелерінің отырысына қатысқандар:

1. Комиссия төрағасы: Жумаханов Еркасым Итибаевич
Кәсіподақ төрайымы: Аманқұлова Айнұр Избергенқызы
Әлеуметтік педагог: Таджибаева Сағыныш
Мектеп медбикесі: Бақтыбаева Аружан
Қамқоршылық кеңес төрайымы, ата-ана: Алиева Аккенже
Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Мынбаева Айнагул
Ата-ана: Уразалиева Мереке
Жеке кәсіпкер: Гулсин Аджибаева

Күн тәртібінде :

1. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдеріне, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жүргізуі туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Е.И.Жумаханов сөз алып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырып өтті.

Тексеру мақсаты: Жекелеген санаттағы тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылардың және 1-4 сынып оқушыларының тамақтануын, асхананың талапқа сай жұмыс жасауын, оқушыларға берілетін тамақтың сапасын, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдеріне, мектеп асханасының тазалығына, талапқа сай жұмыс жүргізуіне бақылау жасау.

Мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаева 1-11 сынып оқушылары бойынша барлығы 641 оқушы тамақтану керектігін, бүгінгі күнгі ас мәзірі бойынша берілетін тағамдармен таныстырды.

Барлық тегін тамақ ішетін оқушы саны -649

1-сынып – 110

2 сынып -135

3 сынып- 114

4 сынып - 129

I кезеңде -59

II кезеңде -94

Бүгінгі күнде ас мәзірі бойынша мынадай:

1. Көкөніс қосылған сиыр етінен рагу - 200,220,250 гр
2. Кисель – 200 гр

3. Алма - 100

4. Қара бидай –бидай наны – 30,50гр

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық тараптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығын және 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ 16 бұйрығын негізге ала отырып, мектептегі жекелеген санаттағы тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылардың және 1 -4 сынып оқушыларының тамақтануын, асхананың талапқа сай жұмыс жасауын, оқушыларға берілетін тамақтың сапасын тексеру журналдарының толтырылуын тексерілді.

Комиссия мүшесі Алиева Ақкенже сөз алып, тексеру барысында бір күндік ас мәзірі мектеп директоры мен жеке кәсіпкер тарапынан бекітілгендігін айтты.

Сағат 08:45-тен бастап 1- сыныптың оқушыларын сынып жетекшілері кесте бойынша уақытылы тамақтануға келді. Оқушылар «SMART EDUS» терминалы арқылы тамақтану картасын басуды, мектеп табалдырығын жаңадан аттаған 1 сынып оқушылары тамақтанар алдында қолын жууға, қол кептіргішті пайдалануды үйреніп қалғандарын көрдік деп айтты.

Тексеру кезінде шикі тағам сақтайтын бөлмелердің де тазалықтары мен орналасулары тексерілді. Жақсы жағдайда және азық –түліктердің сақталу мерзімі талапқа сай екен. Асхана тазалығы тексерілді.

II кезең бойынша да сағат 14.15-да комиссия мүшелері болып тексеру жүргізу барысында, ас мәзірі бойынша тамақтардың қоспалары нормаға сай екендігі, медбике тарапынан бүгінгі тағамдарға сынама жасап тоңазытқышқа сақтап қойғандығын көрдік. «Дайын тамақтың сапасын бақылау» (бракераж)журналы толтырылған.

Тамақ пісіретін және тамақ салатын ыдыстары да таза жуылған. Жеке кәсіпкер тарапынан қажетті азық-түлікті уақытылы жеткізіліп отыратындығы және азық-түлік көп уақытқа жететіндей етіп жеткізілетіндігі анықталды. Сүт, май, ет, жеміс т.б тағамдардың тоңазытқышта сақтаулы тұрды.

Буфеттік тағамдар түрлері де жиі толықтырылып тұрады. Бәліш картоппен,самса етпен, тәтті бөлке, коржик. Оқушылар сүзгіден өткізіліп, тазартылған суды тұтынуға дағдыланғандығын көрдік деп айтып өтті.

Асхананың балалар тамақтанатын, тамақтар пісірілетін бөлмелерінің санитарлық жағдайының жақсы әрі таза , уақытылы жуылып,тазаланып отыратындығы байқалды. Бракераждық комиссиямен тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар,консерванттар , хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдер) мектеп асханасында анықталған жоқ.


Комиссия отырысының шешімі:

1.Мектеп асханасындағы тамақтың сапасы және тазалық жағдайының тексерілуі қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Күнделікті дайын тамақтың сапасын бақылау комиссиясының жұмысы жалғасын тапсын.

3. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың уақытында келіп тамақтануын және тамақты тауысып ішулерін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Мектеп медбикесі Бақтыбаева Аружан ас мәзірі бойынша беріліп отырған күнделікті тамақтың сынамасы алынып отыру жалғастырылсын.
5. Асхана кезекшілеріне кезекшілікті уақытында атқару міндеттелсін.
6. Мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдер) қолданылмауын қадағалау бракераждық комиссия мүшелеріне жүктелсін.

Комиссия төрағасы:



Е.И.Жумаханов

Хатшысы:



С.К.Таджибаева